

**Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейі»
мемлекеттік комуналдық қазыналық кәсіпорнындағы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі
іс-шараның № 2 хаттамасы**

Шымкент қ-сы

10 сәуір 2023ж

Қатысқандар:

Мекеме қызметкерлері.

Күн тәртібінде

Сыбайлас жомқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу жұмыстарын орындауға 2023 жылға арналған іс -шара жоспары сәйкес, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексін талқылау туралы Жиналысты мекеме басшысы Мария Асқарова сөз алып, мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тәртібін нығайту және жауапкершілігін арттыру мақсатында «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңының 28 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану ережесі бекітілген. Осы ереженің 2 тарауының 10 тармағына сәйкес жазаның түрлері мен теріс қылық түрлері көрсетілгені жайында қысқаша түсіндіріп, Әкімшілік бөліміне түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды Мекеменің кадр жөніндегі маманы Асаева Уаш Асановна «Тәртіптік жазаны тәртіптік жауаптылыққа тартылатын қызметшілер қызметке тағайындау және қызметтен босату құқығы бар лауазымды адамдар қолдануы мүмкін тәртіптік жауаптылық шарасы. Тәртіптік теріс қылық дегеніміз- құқыққа қайшы, қызметшілердің өзіне жүктелген міндеттер орындамау кінәсі не тиісінше орындамауы, лауазымдық өкілеттіліктер асыра пайдалануы, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзуы және мемлекеттік қызметке сыйыспайтын теріс қылықтар жатады», - деп атап өтті.

Қызметкерлерге тәртіптік жаза қолдану қызметшінің теріс қылық жасауы жаза қолдану үшін негіз болып табылады. Қызметші елеусіз теріс қылық жасаған кезде одан жазбаша түсініктеме талап етіледі. Егер жазбаша түсініктемесінде қызметші осы теріс қылық жасау фактісімен келіссе, онда қызмешіге қызметтік тексеру жүргізбей ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс түрінде жазалар қолданылады. Егерде қызметкер теріс қылықтарын мойындамаса қызметтік тексеру тағайындалып, теріс қылықтары анықталып жаза қолданылады. Осыған байланысты осы ережені басшылыққа алып, заңға сәйкес жұмыс атқаруымыз қажет. Түсіндіру жұмыстары жүргізіліп ұжым қызметкерлері арасынан көптеген сұрақтар қойылып талқыланды..

Жиын соңы дөңгелек стөлдi талқылай келе шештi:


1. Кадр жөнiндегi маманның баяндамасы назарға алынсын.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттiк әкiмшiлiк қызметшiлерiне тәрiптiк жаза қолдану ережесiнiң талаптарының бұзылуына жол берiлмесiн.

Жиналыс төрағасы:



М.Асқарова

Хатшысы:



У.Асаева